
	«Астана медицина университеті» КеАҚ <i>Менеджменттің интеграцияланған жүйесі</i>	А-АМУ-01-24
	<i>Академиялық адалдық кодексі</i>	.№4 шығарылым 24 беттің 1-беті

«Астана медицина университеті» КеАҚ
Басқармасы шешімімен
БЕКІТІЛГЕН
№ 18 « 23 » тамыз 2024 ж

УНИВЕРСИТЕТ КОДЕКСІ


АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ КОДЕКСІ

К-АсМУ-01-24

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі Академиялық адалдық кодексі	А-АМУ-01-24 .№4 шығарылым 24 беттің 2-беті


Кіріспе

1	ӘЗІРЛЕГЕН:	Академиялық қызметті жоспарлау және дамыту орталығы
2	Әзірлеушілер	– Проректор А.Б.Жунусова
		Академиялық қызметті жоспарлау және дамыту орталығының басшысы А.К.Досанова
		– Академиялық қызметті жоспарлау және дамыту орталығы басшысының орынбасары А.К.Сергебаева
		Оқу үдерісінің сапасын тексеру тобы басшысының міндетін атқарушы Ш.М.Нажимов
		– Әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі орталық басшысы З.Н.Шаймерденова
		– Қоғамдық денсаулық сақтау және менеджмент мектебінің деканы А.А.Баймағамбетова
		– Педиатрия мектебінің деканы А.А.Карибжанов
		– Стоматология мектебінің деканы В.Р.Деточкина
		– Фармация мектебінің деканы А.Омари
		– Мейіргер ісі мектебінің деканы З.А.Байгожина
		– Ғылыми-зерттеу мектебінің деканы Қ.А.Раисова
		– Резидентура деканы М.Қ.Елубаева
3	ЕНГІЗГЕН	– Академиялық қызметті жоспарлау және дамыту орталығы
4	БЕКІТІЛДІ	«__» _____ 2024 ж.
5	ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ	«__» _____ 2024 ж.
6	КЕЛІСІЛДІ	– Проректор А.Б.Жунусова
		– Проректор В.В.Койков
		– Проректор М.А.Газалиева
		– Проректор Д.Д.Сайдангазин
		– Қаржы директоры Б.И.Мараджапов
		– Басқарушы директордың міндетін атқарушы А.С.Тиес
		– Атқарушы директор Н.Н. Маханбаева
		– Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы А.К.Мухамбетова
		– Академиялық қызметті жоспарлау және дамыту орталығының басшысы А.К.Досанова
		– Әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі орталық басшысы З.Н.Шаймерденова
		– Сапаны қамтамасыз ету орталығының басшысы К.К.Асылаева
		Стратегиялық даму орталығының басшысы Р.М.Уримов
		– Педиатрия мектебінің деканы А.А.Карибжанов
		– Стоматология мектебінің деканы В.Р.Деточкина
		– Фармация мектебінің деканы А.Омари
		– Мейіргер ісі мектебінің деканы З.А.Байгожина
		– Медицина мектебінің деканы А.А.Сариева
		– Қоғамдық денсаулық және менеджмент мектебінің деканы А.А.Баймағамбетова
7	ҚАРАУ ЖИЛІЛІГІ	қажет болған жағдайда

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі Академиялық адалдық кодексі	А-АМУ-01-24 .№4 шығарылым 24 беттің 3-беті

МАЗМҰНЫ


1.	Терминдер мен анықтамалар	4
2.	Нормативтік сілтемелер	5
3.	Жалпы ережелер	6
4.	Академиялық адалдық принциптері	6
5.	Академиялық адалдық шеңберінде білім беру үрдісіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері	7
6.	Академиялық адалдық бұзушылықтарының түрлері	9
7.	Академиялық адалдықты бұзғаны үшін қолданылатын тәртіптік жазалар	12
8.	Академиялық адалдық бұзылған жағдайда шараларды қолдану тәртібі	12
9.	Қайта қарау, өзгертулер енгізу, сақтау және тарату	15
	1-қосымша. Академиялық адалдық кодексімен танысу парағы	16
	2-қосымша. Құпия ақпаратты жария етпеуге ақпараттандырылған келісім	17
	3-қосымша. Академиялық адалдықты бұзу туралы акті	18
	4-қосымша. «Астана медицина университеті» КеАҚ білім алушыларының академиялық адалдықты бұзуын есепке алу журналы	19
	5-қосымша. «Астана медицина университеті» КеАҚ қызметкерлерінің академиялық адалдықты бұзуын есепке алу журналы	20
	6-қосымша. ОПҚ және ӘБП тарапынан академиялық адалдықты бұзу туралы қызметтік жазбаның үлгісі	21
	Келісу парағы	22
	Өзгерістерді тіркеу парағы	23
	Танысу парағы	24

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі Академиялық адалдық кодексі	А-АМУ-01-24 .№4 шығарылым 24 беттің 4-беті

1 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы Академиялық адалдық кодексінде келесі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:


Терминдер	Анықтамалар
Академиялық адалдық	Университеттің білім алушылары мен қызметкерлерінің Білім беру бағдарламаларын меңгеру және білім беру қызметін жүзеге асыру кезінде, оның ішінде қашықтықтан оқыту форматында жазбаша жұмыстарды (бақылау, курстық, эссе, дипломдық, диссертациялық жұмыстарды) орындау кезінде, білім беру үдерісіне қатысушылар арасындағы қарым-қатынастағы өз ұстанымын білдіру, қалыптастырушы және анықтаушы бағалаудың кез келген түрін қамтитын кез келген бағаланатын жұмыстарды жүргізу кезіндегі дұрыс мінез-құлық нормаларын белгілейтін құндылықтар мен қағидаттар жинағы; түпнұсқа авторлықты және өз материалына құқықты толық көрсету; сенімді жұмыс жасау; зияткерлік және шығармашылық көріністердің нысандарын, сондай-ақ патенттерді, тіркелген жұмыс үлгілерін, фирмалық белгілерді, моральдық және авторлық құқықтарды қамтитын зияткерлік меншіктің барлық түрлерін қорғау.
Оқу үдерісіне қатысушылар	Білім алушылар, оқытушы-профессорлар құрамы, Университет қызметкерлері.
Білім алушылар	Білім беру деңгейлерінің әр деңгейінде білім алатын тұлға
Оқытушы-профессорлар құрамы	Университеттің педагогикалық штаты
Жұмысшы	Университет қызметкері
Құжаттық бақылау	Бұрмалау мен плагиаттың алдын алу мақсатында құжаттардың сенімділігіне, дұрыстығына және түпнұсқалығына зерттеу және талдау негізінде жүзеге асырылатын бақылау түрі.
Бағаланатын жұмыс	Білім алушылардың белгілі бір оқу кезеңінде оның оқу жетістіктерін айқындау үшін ағымдағы, аралық және қорытынды бақылау шеңберінде, оның ішінде қашықтықтан оқыту форматында орындайтын жұмысы немесе тапсырмасы (жазбаша жұмыс, бақылау жұмысы, зертханалық жұмыс, практикалық жұмыс, өзіндік жұмыс, зерттеу жұмысы, тесттер, диссертация, диплом, жоба және т. б.)
Бағалау объектісі	Білімін, іскерлігін, дағдыларын бағалауға, қандай да бір фактінің немесе қасиеттерінің бар-жоқ екенін анықтауға уәкілеттік берілген адам бағалауға жататын кез келген түрдегі ақпарат бірлігі, мұндай бағалау академиялық қызметте қолданылған кезде және жарамды деп танылған кезде, яғни белгілі бір құқықтық салдарларды туындатуы мүмкін.
Цифрлық сауаттылық	Кез келген цифрлық технологияны, соның ішінде ЖИ-ді тиімді және қауіпсіз пайдалану үшін қажетті дағдылар мен білім.
Жасанды интеллект (ЖИ)	Машиналық оқыту және алгоритмдер арқылы адамның когнитивтік үдерістерін модельдеуге қабілетті жүйелер.
Генеративті ЖИ үлгілері	Жаттығу деректеріне негізделген мәтін, бейне, аудио немесе кескіндер сияқты жаңа мазмұнды жасайтын алгоритмдер.

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі Академиялық адалдық кодексі	А-АМУ-01-24 .№4 шығарылым 24 беттің 5-беті

Галлюцинацияланған деректер	Жасанды интеллект туындататын дұрыс емес немесе бұрмаланған деректер, бұл деректер жаңылыстыруы немесе қате болуы мүмкін.
Деректер құпиялылығы	Жеке деректерді және адам (ақпарат иесі) құпия сақтағысы келетін немесе оған рұқсатсыз кіруден, пайдаланудан немесе жария етуден шектеуді қалайтын қандай да бір жеке ақпаратты қорғау.
Онлайн прокторинг	Жеке басын тексеру және онлайн емтихан нәтижелерін растау жүйесі.
Проктор	Межелік бақылау, аралық және қорытынды аттестацияның өту барысын бақылаушы.
Аралық және қорытынды аттестаттау кезінде прокторинг рәсімінің бұзылуы	<ul style="list-style-type: none"> • компьютерді өшіріп, қайта іске қосу; • басқа компьютерден, ұялы телефоннан, планшеттен және т.б. кіру; • тестілеуді кідірту (MOODLE, «Тест қосымшасы» модулінің «Шығу» батырмаларын басу және т.б. арқылы); • шпаргалкаларды, ұялы телефондарды, құлаққаптарды және т.б. пайдалану; • браузердегі қосымша парақтарға ауысу; • телефонмен сөйлесу; • емтихан кезінде жұмыс орнын тастап кету; • логин мен парольді басқа тұлғаларға беру; • басқа адамның орнына емтихан тапсыру; • жүйеге басқа уақытта кіру, емтиханды ерте немесе кеш тапсыру.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

1. Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚР Кодексі
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (16.06.2024 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен);
3. «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV Заңы (21.05.2024 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен);
4. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы No 410-V ҚРЗ Заңы (19.04.2024 ж. өзгерістер мен толықтырулармен);
5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 31 қазанда № 17657 болып тіркелді. (12.10.2023 ж. өзгерістермен және толықтырулармен);
6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы» 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2011 жылғы 27 мамырда №6976 болып тіркелді (29.04.2024 жылғы өзгерістермен және толықтырулармен);
7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Білім беру ұйымдарына қашықтықтан оқытуды ұсыну жөніндегі талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу үдерісін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 20

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі Академиялық адалдық кодексі	А-АМУ-01-24 .№4 шығарылым 24 беттің 6-беті

наурыздағы №137 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 22 сәуірде №10768 тіркелді.

8. «Астана медицина университеті» КеАҚ Жарғысы;
9. Академиялық адалдық лигасының Жарғысы;
10. Академиялық саясат, «Астана медицина университеті» КеАҚ Басқармасының 2023 жылғы 8 желтоқсандағы № 35 шешімімен бекітілген.
11. Академиялық қызметте жасанды интеллектті пайдалану бойынша нұсқаулық. Академиялық адалдық лигасы, Астана 2023. С.Г. Пен, Н.Н. Маханбаева және т.б. 09.01.24 № 1 хаттама.

3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР


12. «Астана медицина университеті» КеАҚ (бұдан әрі – Университет) Академиялық адалдық лигасының мүшесі ретінде академиялық адалдық қағидаттарын бұзудың кез келген көріністеріне төзбеушілік жариялайды.
13. Академиялық адалдық Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) мақсаты академиялық адалдық регламентін белгілеу, академиялық атмосфераны қалыптастыру, білім беру үдерісіне қатысушылардың академиялық саясаттың қабылданған стандарттары мен нормаларын және оқытудың әртүрлі форматтарында академиялық адалдықты сақтау болып табылады.
14. Академиялық адалдық саласындағы міндет мамандарды, ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау сапасын арттыруға жәрдемдесу, дәстүрлі оқыту кезінде де, қашықтықтан не аралас форматта да академиялық адалдықты қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін қолайлы жағдайлар жасау, білім беру мен зерттеулерде генеративті жасанды интеллектті пайдалануды реттеу, академиялық адалдықты бұзу жағдайларының алдын алу болып табылады.
15. Осы Кодекс білім беру үдерісіне қатысушыларға: оқытушы-профессорлар құрамына, Университет қызметкерлеріне, білім алушыларға және олардың заңды өкілдеріне (бұдан әрі – Қатысушылар) арналған нұсқаулық және корпоративтік ережелер мен қағидаттардың жиынтығы болып табылады.
16. Осы Кодекс академиялық адалдықтың негізгі ұғымдары мен қағидаттарын, оларды қолданудың мақсаттары мен міндеттерін, білім беру үдерісіне, оның ішінде қашықтықтан оқыту форматында қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін белгілейді, сондай-ақ бұзушылықтардың түрлерін және тәртіптік сипаттағы шараларды қабылдау рәсімін айқындайды.
17. Осы Кодекс білім беру үдерісінің ашықтығын реттейді: Университетте білім беру үдерісін ұйымдастыру ашықтық, айқындық, объективтілік және этикалық мінез-құлық нормалары қағидаттарында іске асырылады; Университет әкімшілігі білім беру үдерісінің ашықтығын, айқындығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша шараларды іске асырады.
18. Осы Кодекстің ережелері Қазақстан Республикасындағы білім беру қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерге, Университет жарғысына және оны дамыту стратегиясына, білім беру бағдарламаларын пайымдауға және қайта қарауға өзгерістер енгізілген жағдайда қайта қаралуы мүмкін.
19. Осы Кодекстің ережелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әзірленеді.

4 АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ

Академиялық адалдық принциптері:

Білім беру үдерісінде білім алушылардың академиялық тұтастығының негізгі принциптері:

20. Адалдық – бұл білім алушылардың бағаланатын және бағаланбайтын жұмыстарды адал, әдепті орындауы: автордың және оның құқықтық мирасқорларының құқықтарын қорғауды жүзеге асыру – біреудің сөзін, ойларын дұрыс жеткізу және бағаланатын жұмыстарда ақпарат көздерін

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі Академиялық адалдық кодексі	А-АМУ-01-24 .№4 шығарылым 24 беттің 7-беті

көрсету арқылы авторлық құқық объектісі болып табылатын туындылардың авторлығы мен қорғалуын тану;

21. Ашықтық – айқындық, өзара сенім, білім алушылар мен оқытушылар арасында ақпарат пен идеялардың ашық алмасуы;
22. Білім алушылардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу – білім алушылардың пікірлері мен идеяларын еркін білдіру құқығы;
23. Теңдік – әрбір білім алушының академиялық адалдық ережелерін сақтау міндеті және оларды бұзғаны үшін тең жауапкершілігі;
24. Шыншылдық – кез келген жағдайда алдау, өтірік айту және құжаттарды бұрмалаудан аулақ болу;
25. Сенімділік - ақиқатқа сәйкес келетін ақпарат беру, фактілерге, эмпирикалық мәліметтерге және объективті пайымдауларға негізделген ғылыми тұжырымдар шығару;
26. Жауапкершілік – академиялық адалдық саясатын ұстану, академиялық адалдықты бұзуға әкеп соғатын жағдайларды болдырмау;
27. Объективтілік – объективті деректер негізінде біржақты және субъективті көзқарасыз шешім қабылдау;
28. Әділдік – Университеттің академиялық қоғамдастығы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерінің мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ академиялық адалдықты бұзу фактілерін әділ қарау;
29. Академиялық адалдықты бұзуға нөлдік төзімділік – академиялық адалдықты бұзудың әрбір фактісін есепке алу және қарау және оны бұзғандарға Кодекске сәйкес шаралар қолдану.

№1 қағида. Академиялық адалдық – білім беру үдерісіне және зерттеулерге қатысушылардың әрқайсысының негізгі құндылығы болып табылады.

№ 2 қағида. Оқу үдерісі мен зерттеудің әрбір қатысушысы академиялық адалдықтың анық, әділ және объективті стандарттарының, дәйексөздер мен мінез-құлық ережелерін сақтауды қамтамасыз етеді.

№ 3 қағида. Білім беру үдерісі мен зерттеулердің әрбір қатысушысы академиялық және /немесе зерттеу мақсаттары үшін ұсынылған барлық жазбаша жұмыстарды сипатына, мазмұнына және көлеміне қарамастан, плагиатқа міндетті тексеруді қамтамасыз етуге жауапты болады.

№ 4 қағида. Білім беру үдерісі және ғылыми зерттеулердің әрбір қатысушысы өзінің Академиялық адалдық принциптері мен стандарттарын бұзғаны үшін жауапкершілікті қамтамасыз етеді.

№ 5 қағида. Университет оқытушы-профессорлар құрамы атынан өзінің оқыту нәтижелерін әділ және объективті бағалау жүйесі шеңберінде білім алушыларға жоғары талаптар қояды.

№ 6 қағида. Университет тек үздіктерге оқуын аяқтауға мүмкіндік береді.

№ 7 қағида. Университет өзінің дипломымен расталған кадрларды дайындау сапасына жауап береді.

№ 8 қағида. Университет оқытушының академиялық адалдықтың принциптері мен стандарттарын, өзара сыйластық пен әділеттілікті қалыптастыратын тәлімгер ретіндегі жоғары жауапкершілігін қамтамасыз етеді,


№ 9 қағида. Университет академиялық адалдықты насихаттау және қорғау барлық білім алушылар мен қызметкерлердің өзара күш-жігерінің нәтижесі екенін мойындайды.

№ 10 қағида. Университеттің білім беру және зерттеу үдерісінің әрбір қатысушысы өзіне жүктелген міндеттерді адал орындауға міндеттенеді. Ол Академиялық адалдық кодексінің қағидаларын бұзғаны және/немесе сақтамағаны үшін ұйымнан шығарылуы мүмкін екенін түсінеді.


5 АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ШЕҢБЕРІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

30. **Оқу үдерісіне қатысушылардың құқығы бар:**

- 1) осы Кодекспен танысуға;

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі Академиялық адалдық кодексі	А-АМУ-01-24 .№4 шығарылым 24 беттің 8-беті

- 2) білім беру үдерісіне қатысушылардан академиялық адалдықтың негізгі қағидаттарын сақтауды талап етуге;
 - 3) оқу үдерісінде өз пікірін еркін білдіруге, Ұлттық қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, басқа адамдардың беделі мен құқықтарын қорғау мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Кодексте көзделген этикалық нормалар мен шектеулерді сақтай отырып, ғылыми, оқу ақпараты мен идеяларын кедергісіз алуға және таратуға;
 - 4) академиялық адалдық саласындағы қатынастарды реттейтін құжаттардағы кез келген өзгерістер және/немесе жаңалықтар туралы ақпарат алуға;
 - 5) Университет тарапынан білім беру үдерісіне қатысушылардың мүдделерін қорғауға, академиялық адалдықты бұзу фактісі бойынша іс жүргізу кезінде құпиялылықты сақтауға. Білім беру үдерісіне қатысушылар Академиялық адалдық қағидаттарына қайшы келетін үдерістерге қатысудан бас тартқан жағдайда немесе академиялық адалдықтың нақты немесе ықтимал бұзылуы болашақта орын алған немесе орын алуы мүмкін екендігі туралы ақпаратты адал ұсынғаны үшін зардап шекпеуі керек;
 - 6) ағымдағы міндеттер және оларды сапалы орындау үшін қажетті мерзімдер туралы нақты ақпарат алуға.
 - 7) осы Кодекске, академиялық саясатқа және университеттің ішкі ережелеріне сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес академиялық адалдықты бұзу фактілерін анықтау үдерісінде туындайтын жанжалды жағдайларды шешуге;
 - 8) жазбаша жұмыстардың, диссертациялардың, жобалардың түпнұсқалығын тексеру үшін лицензияланған ақпараттық бағдарламаларды пайдалануды үйренуге көмек алуға;
- 31. Оқу үдерісіне қатысушылардың міндеттері:**
- 1) осы Кодекстің нормалары бұзылуының кез келген мүмкіндігіне жол бермеу және олардың мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз ету;
 - 2) анықталған және сенімді ақпарат көздерін пайдалану, оқу және ғылыми жұмыстарда дәйексөздерді дұрыс пайдалану және түпнұсқа дереккөзге сілтеме жасау;
 - 3) білім беру үдерісінің барлық қатысушыларымен қарым-қатынаста кәсіби этика нормаларын сақтау;
 - 4) Университет басшылығына Кодексті бұзудың әрбір жағдайы туралы хабарлау;
 - 5) Академиялық адалдық принциптерін өз жұмыс тәжірибесіне енгізуге ықпал ету.
- 32. Білім алушылардың осы Кодекстің 31-тармағында көрсетілген міндеттерге қосымша:**
- 1) егер бағалау критерийлерінде өзгеше көзделмесе, бағаланатын жұмыстардың барлық түрлерін өздері орындауға;
 - 2) пәнді бағалауды ол бұрын танысқан бағалау критерийлеріне сәйкес бағалауды талап етуге;
 - 3) Академиялық адалдық кодексімен танысуға және танысу нысанына қол қоюға міндетті (1-қосымша).
- 33. Оқытушы-профессорлар құрамының міндеттері:**
- 1) ағымдағы оқу және ғылыми жетістіктерге, Университеттің қолданыстағы ережелері мен ішкі ережелеріне сәйкес пәндердің оқу-әдістемелік кешенін дербес әзірлеу;
 - 2) пәндердің силлабустарында көрсетілген бағалау әдістері мен критерийлері туралы, аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау кезіндегі прокторинг рәсімі және оны өткізу кезіндегі жауапкершілік туралы ақпаратты көрсету және сақтау;
 - 3) бекітілген кестеге сәйкес оқудың бірінші күнінде пәннің күнтізбелік-тақырыптық жоспары, бағалау әдістері мен критерийлері туралы ақпаратты білім алушылардың назарына жеткізу;
 - 4) педагогикалық электрондық журналды толтыруға жауапты болу;
 - 5) академиялық адалдықты сақтау мәселелері бойынша бақылау шараларын жүргізбес бұрын білім алушыларға түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
 - 6) оқу жетістіктерін бақылаудың барлық түрлерінің материалдарымен жұмыс істеу кезінде ақпараттық қауіпсіздік талаптарын және құпиялылықты қатаң сақтау;
 - 7) анықталған және сенімді дереккөздерді іздеу мен таңдауды, түсініктемелер мен сілтемелерді, халықаралық ұсыныстарға негізделген дәйексөздер ережелерін пайдалануды үйрету;


	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі Академиялық адалдық кодексі	А-АМУ-01-24 .№4 шығарылым 24 беттің 9-беті

- 8) аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау материалдарына қатысты құпиялылық талаптарын сақтау;
- 9) құпия ақпаратты жария етпеуге негізделген келісімге қол қою (2-қосымша).
- 34. Университет қызметкерінің міндеттері:**
 - 1) Академиялық адалдық кодексі бұзылған жағдайда осы Кодексте көзделген шараларды қабылдау жөніндегі жұмыстарды үйлестіру;
 - 2) оқу жетістіктерін бақылаудың барлық түрлерінің материалдарымен жұмыс істеу кезінде ақпараттық қауіпсіздік пен құпиялылық талаптарын қатаң сақтау;
 - 3) академиялық адалдық принциптерінің бұзылу жағдайларының есебін жүргізу;
 - 4) өз өкілеттіктері шегінде академиялық адалдық қағидаттарын қамтамасыз ету үшін кафедралардың жұмысын реттейтін және оқу үдерісінің барлық қатысушылары орындауға міндетті актілер шығару;
 - 5) аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау материалдарына қатысты құпиялылық талаптарын сақтау;
 - 6) құпия ақпаратты жария етпеуге негізделген келісімге қол қою (2-қосымша).
- 35. Оқу үдерісінің барлық қатысушылары келесілерге жол бермеуі керек:**
 - 1) кез келген ұялы телефондар мен басқа да таратушы, қабылдаушы электрондық құрылғыларды: смартфондарды, коммуникаторларды, планшеттерді, ноутбуктерді, әртүрлі плейерлерді, көпфункционалы сағаттарды, сымсыз құлаққаптарды және ақпаратты алудың және/немесе оны басқа біреуге берудің басқа да заңсыз тәсілдерін емтихан өткізу нысанына қарамастан емтихан/аралық бақылау кезінде пайдалануға;
 - 2) емтихан/аралық бақылау кезінде басқа білім алушылардан көшіруге және көмек сұрауға, сондай-ақ емтихан/аралық бақылау кезінде басқа адамға мәліметтер беруге немесе көмек көрсетуге;
 - 3) осы ережелерге қайшы келетін іс-әрекеттер жасауға қатысуға;
 - 4) фактілерді қолдан жасауға және бұрмалауға (дұрыс емес деректерді сенімді деп жариялауға әрекет жасауға, бағаны немесе тапсырма жауаптарын бұрмалауға, жазбаларды, құжаттардағы қолдарды бұрмалауға және т.б.);
 - 5) тапсырмаларды сату немесе тапсырмаларға жауаптарды, дайын жұмыстарды сатып алуға және/немесе сатуға көмектесетін өзге де жолдарға;
 - 6) білім алушыларды бағалау үдерісіне, конкурс нәтижелеріне ықпал ету/қысым көрсету мақсатында нақты тұлғалардың мүдделерін қолдауға (бос гранттарды, атаулы стипендияларды алуға, ОПК, Университет қызметкерлерін конкурстық іріктеуге және т. б.);
 - 7) білім алушыларды бағалау үдерісіне, конкурс нәтижелеріне ықпал ету/қысым көрсету мақсатында нақты тұлғалардың мүдделерін лоббирлеу (бос гранттар, жеке шәкіртақылар, оқытушылар құрамын, университет қызметкерлерін конкурстық іріктеу және т.б. бойынша);
- 36. Білім беру үдерісінің барлық қатысушылары Кодексті бұзды деген негізсіз айыптаудан барлық заңды тәсілдермен қорғалуға құқылы.**


6 АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚТЫ БҰЗУШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Осы Кодексте академиялық адалдықты бұзудың келесі түрлері қарастырылады:


- 37. Плагиат** – мәтінді, идеяларды, гипотезаларды, қорытындыларды, әдістерді, зерттеу нәтижелерін, графиктерді, кодтарды, суреттерді немесе басқа авторлардың туындыларын авторға және алынған дереккөзге сілтеме жасамай пайдалану және (немесе) иелену, сондай-ақ басқа авторлардың мәтінін мағынасын өзгертпей, сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік ауыстырумен пайдалану, соның ішінде басқа автордан аударылған мәтінді пайдалану сондай-ақ плагиатты анықтау мүмкіндігін азайту немесе болдырмау мақсатында техникалық құралдар мен тәсілдерді қолдану.
Плагиат болып саналады, егер білім алушы:

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі Академиялық адалдық кодексі	А-АМУ-01-24 .№4 шығарылым 24 беттің 10-беті

- 1) тиісті дәйексөзсіз басқа адамның жазбаша жұмысынан бір немесе бірнеше сөйлемді тікелей көшірсе. Бұл ереже материалды Интернеттен немесе басқа электрондық көздерден көшіруге де қолданылады;
 - 2) сөздерді өзгертсе, бірақ сөйлемнің құрылымын бастапқы дереккөзге сілтеме жасамай көшірсе немесе дереккөзге сілтемені көрсетпестен бір немесе бірнеше абзацты мағынасы жағынан ұқсас басқа сөздермен ауыстырып жазса немесе дереккөзді көрсетпестен және/немесе автордың келісімінсіз графиктерді, суреттерді, сызбаларды, схемаларды және басқа да бейне немесе аудио материалдарды пайдаланса;
 - 3) оқу жұмыстарын басқа тілге аударып, өз материалы ретінде пайдаланса;
 - 4) кез келген оқу әрекетінде жалған немесе өзгертілген ақпаратты ұсынса, оның ішінде эксперимент үшін деректер жасау, деректерді өзгерту, жоқ мақалаларға сілтеме жасау, жалған дереккөздер және т.б.
 - 5) жұмысты толығымен немесе ішінара басқа білім алушылар орындаса және оны өз жұмысы ретінде тапсырса;
 - 6) жұмыс жазу үшін арнайы жазу қызметтерін, басқа білім алушылардың қызметтерін пайдаланса немесе шет тілінен аудармасын пайдаланса және материалды өзінің түпнұсқа жұмысы ретінде тапсырса;
- 38. Автоплагиат** – өз материалын, нақты және цифрлық деректерді өзіне және (немесе) өз дәйексөздерінің көзіне сілтеме жасамай пайдалану.
Автоплагиат келесі жағдайларда көрінуі мүмкін:
- 1) өз жұмысын қайта пайдалану: білім алушылар бұрынғы эсселерден, курстық жұмыстардан немесе диссертациялардан үзінділерді дереккөзді көрсетпей-ақ жаңа тапсырмаларға енгізуі.
 - 2) минималды өзгерістер: егер білім алушылар мәтінге аздаған өзгерістер енгізсе, бұл да автоплагиат болып саналады. Мысалы, бірнеше сөздерді синонимдермен ауыстыру немесе сөйлемдердің орындарын ауыстырып жазу.
 - 3) өзін-өзі қайталау, білім алушылар әртүрлі жұмыстарда өз идеяларын немесе сөйлемдерін қайталауы.
 - 4) атрибуцияның болмауы: өз жұмысы екенін көрсетпей, өз идеяларын пайдалануы.
- 39. Көшіру** – басқа адамдардың шығармаларын көшіріп жазу және оларды өз шығармасындай көрсету. Көшіру болып саналады, егер білім алушы:
- 1) емтихан материалдарына рұқсатсыз қол жеткізсе немесе қол жеткізуді қамтамасыз етсе;
 - 2) емтихан кезінде оқытушының рұқсатынсыз шпаргалкаларды, ұялы телефондарды, кітаптарды, калькуляторларды немесе басқа да материалдарды/құрылғыларды пайдаланса;
 - 3) басқа білім алушының рұқсатымен немесе рұқсатынсыз оның емтихан парағынан көшірме жасаса немесе басқа білім алушыға өзінің емтихан парағынан көшіруге рұқсат берсе;
 - 4) тапсырмаларды орындау кезінде басқа білім алушылардың жұмысына араласса немесе кедергі жасаса;
 - 5) емтиханды немесе жазбаша жұмысты тапсыру мерзімін ұзарту туралы өтінішке жалған негіздеме келтірсе;
 - 6) емтихан уақыты бітсе де жұмысты жазуын жалғастыра берсе;
 - 7) емтихан кезінде әңгімелесе;
 - 8) басқа білім алушылардан ол үшін емтихандық тапсырманы немесе тестті орындауын сұраса;
 - 9) емтиханда немесе бағаланатын кез келген тапсырма кезінде білім алушыға әділетсіз артықшылық беретін кез келген басқа әрекетті жасаса;
 - 10) жоғарыда көрсетілген әрекеттердің кез келгенін жасауға ықпал етсе және жасауға көмектесе немесе осы әрекеттерді ұйымдастырса.
- 40. Құжаттарды/жұмыстарды бұрмалау** – бұл білім алушы туралы кез-келген ақпаратты саналы түрде бұрмалауға әкелетін академиялық алдаудың бір түрі. Фальсификация болып саналады, егер білім алушы:
- 1) бағаларды, тапсырмалардың жауаптарын бағалау нәтижелерін бұрмаласа;

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі Академиялық адалдық кодексі	А-АМУ-01-24 .№4 шығарылым 24 беттің 11-беті

- 2) зерттеулер жүргізу кезінде деректерді (қосу, жазу, түзету), яғни сұрақ-жауаптардың, сауалнамалардың және басқа да әдістердің өлшемдері мен бақылау нәтижелерін бұрмаласа;
 - 3) жазбаша бақылау жұмыстарының нәтижелерін асыра бағаласа;
 - 4) басқа білім алушының бағаланатын жұмысын әдейі бұрмаласа немесе бүлдірсе;
 - 5) біле тұра жалған құжаттар ұсынса, мысалы, практикада болуы туралы бұрмаланған құжаттарды, жалған медициналық анықтама және т.б. ұсынса;
 - 6) зерттеу материалдарын, жабдықтарды, суреттерді, иллюстрацияларды немесе үдерістерді манипуляциялау нәтижесінде диссертациядағы зерттеу материалдары бұрмаланса.
- 41. Жалғандық.** Жалғандық дегеніміз – басқа адам толық немесе едәуір бөлігін орындаған академиялық жұмысты білім алушы өз жұмысы ретінде тапсыруы немесе саналы түрде басқа адамға өз жұмысын сыйақы үшін немесе өтеусіз беруі.
- 42. Алдау**
- 1) бір білім алушының екінші білім алушының орнына емтихан тапсыруы;
 - 2) бір рет бағаланған жұмысты қайта ұсыну, тапсыру;
 - 3) бағаланатын жұмыс орындалмаған немесе уақтылы орындалмаған жағдайда жалған дәлелдер ұсыну;
 - 4) топтық жұмысқа арналмаған бағаланатын жұмысты екі немесе одан да көп білім алушылардың орындауы;
 - 5) басқа білім алушыларға саналы түрде көмек көрсету;
 - 6) өзінің бағаланатын жұмысын көшіруге рұқсат беру, сыбырлап айту, шпаргалкаларды, ұялы телефондарды, микро құлаққаптарды, оқулықтарды және т. б. пайдалану;
 - 7) басқа адамдардың бағаланған жұмысын өзінікі ретінде көрсету;
 - 8) академиялық жұмыста кез келген ақпаратты немесе дәйексөзді бұрмалау немесе ойдан шығару;
 - 9) емтихан жұмыстарында генеративті интеллект деректерін, оның ішінде галлюцинациялық деректерді пайдалану;
- Мысалдар келтіріледі, бірақ олармен шектелмейді: дереккөзді ойдан шығару, сандарды немесе басқа деректерді қасақана дұрыс келтірмеу немесе бұрмалау.
- 43. Сөз байласу**
- 1) өз логині мен паролін басқа тұлғаларға беру;
 - 2) бағаланатын кез келген жұмысты білім алушы үшін орындау;
 - 3) өзінің орнына басқа білім алушыны жіберу және өзі басқа білім алушының орнына бару;
 - 4) басқа оқытушыны өз орнына заңсыз ауыстыру және сабақтарда, дәрістерде, оқу-тәрбие үдерісінің басқа түрлерінде басқа оқытушының орнына бару.
 - 5) бағаланған жұмыстардың жауаптарын беру;
- 44. Сыбайлас жемқорлық**
- 1) академиялық артықшылыққа қол жеткізу мақсатында мүліктік немесе мүліктік емес сипаттағы пара беру, сондай-ақ ұсынылған, уәде етілген немесе берілген академиялық артықшылық үшін пара алуға итермелеу және алу;
 - 2) білім алушылардың аралық және қорытынды бақылау жұмыстарын тапсыруы кезінде, оның ішінде прокторинг рәсімі бойынша оң бағалары үшін ОПК/ӘБП/оқу-көмекші персонал тарапынан ақшалай және материалдық қаражатты бопсалаудың жасырын немесе жабық түрлері.
- 45. Пайда алу мақсатында емтихан материалдары, тест сұрақтары және басқа материалдар сияқты құпия ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу және тарату,**
- 46. Аудиториялық сабақтарды, аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестацияны тұрақсыздандыру** – сабақты немесе емтиханды бұзуға бағытталған кез келген әрекет немесе тәртіп.
- Академиялық адалдықты бұзу түрлерінің бұл тізімі толық емес және қажет болған жағдайда толықтырылуы мүмкін. Академиялық орынсыз тәртіпке білім алушыға әділетсіз артықшылық беретін немесе басқа білім алушының үлгеріміне әсер ететін кез келген тәртіп жатады.
- 47. Ақпаратты немесе құрылғыларды теріс пайдалану:**

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	А-АМУ-01-24 .№4 шығарылым
	Академиялық адалдық кодексі	24 беттің 12-беті


- 1) генеративті жасанды интеллект деректерін және галлюцинациялық деректерді қоса алғанда, электрондық, цифрлық, қағаз тасымалдағыштардағы ақпаратты пайдалану;
- 2) бағаланатын бақылау жұмыстарды орындау, сынақ тапсыру кезінде техникалық құрылғыларды пайдалану;
- 3) бағаланатын жұмысқа кез келген жауаптарды кез келген тәсілмен алу, соның ішінде электрондық пошта арқылы, компьютерден жүктеу, логин мен парольді тасымалдау және т.б. арқылы;
- 4) педагогикалық қызметкердің бағаланатын жұмысқа қатысты қағаз және электронды тасымалдағыштағы материалдарын кабинеттен шығару және/немесе компьютерінен көшіру (оның ішінде логин мен парольді қолдану).

7 АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚТЫ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТӘРТІПТІК ЖАЗАЛАР

48. Оқу үдерісінің барлық қатысушылары Академиялық адалдық қағидаттарын және осы Кодекстің ережелерін бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікте болады.
49. Білім алушыға тәртіптік жаза Мектептің ұсынысы бойынша Тәртіптік кеңестің шешімімен қолданылады;
50. Университеттің оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлеріне тәртіптік жаза Тәртіптік комиссияның шешімімен қолданылады.
51. Университеттен оқудан және жұмыстан шығару түріндегі тәртіптік жаза Ректордың/уәкілетті тұлғаның бұйрығымен ресімделеді.
52. Тәрбиелік ықпал ету мақсатында тәртіптік жаза қолдану туралы шешім білім алушылар арасында жарияланады, сонымен қатар білім алушының ата-анасының назарына жеткізіледі.


8 АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ БҰЗЫЛҒАН ЖАҒДАЙДА ШАРА ҚОЛДАНУ ТӘРТІБІ

53. Әрбір нақты жағдайда тиісті жаза қолдану кезінде келесі факторлар ескерілуі мүмкін:
 - 1) бұзушылықтың сипаты мен оқиғаның өзі;
 - 2) оқу курсы немесе бағдарламасы үшін қарастырылып отырған тапсырманың (тапсырмалардың) маңыздылығы;
 - 3) құқық бұзушылық жасаған кезде жауапкердің мақсатының немесе оның болмауының дәлелдемелері;
 - 4) мұндай мінез-құлқтың Университет имиджіне, Университет қауымдастығына және ондағы оқу шарттарына әсері немесе салдары;
 - 5) білім алушының бұрынғы лайықсыз мінез-құлқын қоса алғанда университеттегі де, басқа жерлердегі де академиялық адалдығы немесе жөнсіз мінез-құлқы немесе олардың болмауы;
 - 6) әділ оқу мен білімге ықпал ететін білім беру ортасының қолдау деңгейі;
 - 7) әрбір нақты жағдайда әділ және тиісті шешімге қол жеткізу үшін кез келген жеңілдететін, ауырлататын немесе еңсерілмейтін мән-жайлар, соның ішінде жауапкердің бұзушылықтың салдарын түсінуін көрсетуі.
54. Академиялық адалдықтың бұзылуы келесі жағдайларда анықталуы мүмкін:
 - 1) оқу үдерісі кезінде;
 - 2) ағымдағы (бағалау) және қорытынды бақылау (аралық аттестаттау/емтихан сессиясы) кезінде;
 - 3) қорытынды аттестаттау (мемлекеттік/кешенді емтихандар, қорытынды жұмыстарды қорғау) кезінде;
 - 4) ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және оның нәтижелерін бағалау кезінде;
 - 5) конкурстық рәсімдер кезінде.
55. Мүмкін болатын тәртіптік шараларға мыналар жатады:
56. **Ескерту** – Академиялық адалдықты алғаш рет бұзған білім алушыларға Университет тарапынан қолданылатын шара.

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі Академиялық адалдық кодексі	А-АМУ-01-24 .№4 шығарылым 24 беттің 13-беті


Бұзушылықтар мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

- 1) аудиториялық іс-шаралар, аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау кезіндегі тұрақсыздандыру (кездейсоқ, жүйесіз, өрескел емес бұзушылықтар: әңгімелесу; артына бұрылу; сыбырлап айту, емтихан алушының назарын негізсіз аудару);
 - 2) аралық бақылауға, аралық және қорытынды аттестаттауға шығарылған тапсырмаларды / жұмыстарды орындау **басталғанға дейін** ұялы телефондардың және басқа да таратушы, қабылдаушы электрондық құрылғылардың: смартфондардың, коммуникаторлардың, планшеттердің, ноутбуктердің, әртүрлі плейерлердің, көп функциялы сағаттардың, сымсыз құлаққаптардың және ақпарат алудың басқа да заңсыз тәсілдерінің табылуы;
 - 3) жұптық жұмысқа арналмаған шағын тапсырмаларды орындау кезінде басқа білім алушымен жұптасып жұмыс істеу;
 - 4) тапсырманың шағын бөлімінде сілтемелердің немесе дереккөздерге дұрыс сілтемелердің болмауы; цитата келтірілген мәтінге сілтеме жасамай, идеяны немесе жалпы дәлелді пайдалану;
 - 5) бұрынғы бұзушылықтарсыз дәйексөздерді қате қолдану.
- 57.** Білім алушыға бір аралық бақылау, аралық немесе қорытынды бағалау кезінде оқытушыдан, проректордан және/немесе емтихан алушыдан ауызша екі ескерту жасалуы мүмкін.
- 58.** Бұзушылықтар анықталған жағдайда шаралар қолдану тәртібі.
Егер білім алушы бір аралық бақылау, аралық немесе қорытынды аттестаттау кезінде емтихан алушыдан үшінші ескерту алса, оқытушы/емтихан алушы/проректор немесе білім беру үдерісінің сапа аудиті тобының маманы қол қойған Академиялық адалдықты бұзу туралы акт (3-қосымша) жасалады. Бұл ретте осы Кодекстің ережелерін бұзған білім алушыға аралық бақылауға, аралық немесе қорытынды аттестацияға ұсынылған тапсырмаларды/жұмыстарды аяқтауға рұқсат етіледі.
- 59.** Бұзушылық туралы акт деканға/комплаенс-офицерге бұзушылықты арнайы журналға тіркеу үшін (4, 5-қосымша) және осы істі Тәртіптік кеңес төрағасының атына деканның/комплаенс-офицердің қызметтік жазбасымен Тәртіптік кеңестің қарауына шығару үшін беріледі. Тәртіптік жаза туралы актінің және шешімнің көшірмесі білім алушының жеке ісіне тігіледі және транскриптке енгізіледі.
- 60.** Транскриптке енгізілетін **сөгіс (қатаң сөгіс)** академиялық адалдықты елеулі бұзған жағдайда қолданылады.
- Бұзушылықтар келесі фактілерді қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:
- 1) плагиат – дерек көзін көрсетпей немесе тырнақшаларды пайдаланбай, қалыпты шектерде тікелей дәйексөз келтіру немесе өз сөзімен айту, жұмыс көзін немесе қатысушыларын тиісті түрде көрсетпей зертханалық есептер үшін деректерді немесе түсіндірме материалдарды пайдалану;
 - 2) алдау – бірнеше сабақ бойынша талаптарды қанағаттандыру мақсатында оқытушының рұқсатынсыз бір жұмысты екінші немесе келесі рет тапсырып, басқа жұмыстың көшірмесі немесе маңызды бөлігі болып табылатын жұмысты тапсыру;
 - 3) аралық бақылау кезінде, аралық және қорытынды аттестация кезінде бағаланатын жұмыстарды басқа білім алушылардан көшіру (сондай-ақ сыбыр сөздерді пайдалану, оның ішінде ауызша жауап беру кезінде, тапсырманы орындау кезінде шпаргалкаларды, алдын ала дайындалған жауап үлгілерін, оқулықтарды және басқа көздерді (бастапқы дереккөздер, карталар, сызбалар, кестелер), компьютер, планшет, телефон және/немесе басқа да техникалық/баспа құралдарды пайдалану, бір білім алушының екінші білім алушының жұмысын көшіру);
 - 4) емтихан уақыты кезінде басқа білім алушының емтихан парағынан көшіру, сөйлесу немесе емтихан уақыты аяқталғаннан кейін жұмысын жазуды жалғастыру;
 - 5) емтихан кезінде көшіруге ықпал жасау;
 - 6) ақпаратты немесе құрылғыларды теріс пайдалану – аралық бақылауға, аралық және қорытынды аттестаттауға шығарылған тапсырмаларды/жұмыстарды **орындау барысында** ұялы телефондардың және басқа да таратушы, қабылдаушы электрондық құрылғылардың: смартфондардың, коммуникаторлардың, планшеттердің, ноутбуктердің, әртүрлі плейерлердің,

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі Академиялық адалдық кодексі	А-АМУ-01-24 .№4 шығарылым 24 беттің 14-беті

көп функциялы сағаттардың, сымсыз құлаққаптардың және ақпарат алудың басқа да заңсыз тәсілдерінің табылуы;


- 7) тапсырмаларды немесе жобаны орындайтын басқа адамдарды көрсету тәртібін сақтамау, мысалы, зерттеулерге, статистикалық талдауға, компьютерлік бағдарламалауға, далалық деректерді жинауға, жазбаша жұмыстарға көмек көрсету кезінде, егер мұндай көмек тапсырманың ажырамас бөлігі болса;
- 8) бұған дейін Тәртіптік кеңестің «Ескерту» деген екі тәртіптік жазасы болса.
- 61. Бұзушылықтар анықталған жағдайда шаралар қолдану тәртібі.**
 Мұндай бұзушылықтар анықталған жағдайда Академиялық адалдықты бұзу туралы хаттама (3-қосымша) жасалып, оқытушының/емтихан алушының/проктор немесе білім беру үдерісінің сапа аудиті тобының маманының қолы қойылады.
- 62.** Тиісті заттай дәлелдемелермен академиялық адалдықты бұзу туралы Акт және білім алушылардың жұмыстарының көшірмелері деканға/комплаенс-офицерге бұзушылықты арнайы журналға тіркеу үшін (4,5-қосымша) және осы істі Тәртіптік кеңес төрағасының атына деканның/комплаенс-офицердің қызметтік жазбасымен Тәртіптік кеңестің қарауына шығару үшін беріледі. Тәртіптік жаза туралы актінің және шешімнің көшірмесі білім алушының жеке ісіне тігіледі және транскриптке енгізіледі.
- 63.** Егер бұзушылық емтиханды қайта тапсыру кезінде тіркелген болса бұзушылық жасаған білім алушыларға академиялық жұмысының бағасын жою, жазбаша жұмысты қайта орындау, аралық бақылауды, аралық емтиханды қайта тапсыру, жазғы семестрге ақылы негізде қалдыру, ата-аналарына хабарлау сияқты тәртіптік жаза шаралары қолданылады
- 64. Университеттен шығару** академиялық адалдықты елеулі бұзған жағдайда қолданылады. Бұзушылықтар мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:
- 1) «Сөгіс/қатаң сөгіс» тәртіптік жазасы қолданылған қайталама бұзушылықтар;
 - 2) сөз байласу – басқа адамның жұмысын, қандай да бір оқу тапсырмасын (бағамен немесе бағасыз), емтиханды, академиялық жұмысты, магистрлік диссертацияны, докторлық диссертацияны, жариялауға арналған ғылыми мақаланы, жұмыс баяндамасын немесе конференцияға арналған баяндаманы өз жұмысы ретінде ұсыну немесе өз еңбегі ретінде ұсынылған кез келген басқа жазбаша жұмысты орындау; логин мен парольді басқа тұлғаларға беру;
 - 3) өзін басқа білім алушымен ауыстыру және басқа білім алушыны ауыстыру;
 - 4) бағалауларды, бағаланатын жұмыс деректерін, құжаттарды бұрмалау;
 - 5) басқа білім алушының бағаланатын жұмысын қасақана өзгерту немесе бүлдіру;
 - 6) көрінеу жалған құжаттарды ұсыну, мысалы, тағылымдамадан өту туралы бұрмаланған құжаттарды, жалған медициналық анықтаманы және т.б. ұсыну;
 - 7) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар – академиялық артықшылықтар алу мақсатында ОПК, әкімшілік-басқару персонал қызметкерлеріне мүліктік немесе мүліктік емес сипаттағы пара беру, сондай-ақ ұсынылатын, уәде етілген немесе ұсынылатын академиялық артықшылыққа итермелеу;
 - 8) академиялық адалдықты бұзу, мысалы, баға есептерін бұрмалау, профессордан немесе университет кеңсесінен емтихан материалдарын ұрлау, ұрланған емтихан материалдарын сатып алу, үлгерім ведомосін бұрмалау, университетте атқарылған жұмыстардың жазбаларын бұрмалау;
 - 9) Университеттің ақпараттық жүйелерін тұрақсыздандыруға және қалыпты жұмыс істеуіне бағытталған хакерлік шабуылдарға, істен шығаруға (бұзушылық), сондай-ақ басқа да әрекеттерге қатысу.
- 65. Бұзушылықтар анықталған жағдайда шаралар қолдану тәртібі.**
 Мұндай бұзушылықтар анықталған жағдайда оқытушы/емтихан алушы/проктор және/немесе білім беру процесінің сапа аудиті тобының маманы, сондай-ақ Университеттің басқа құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері қол қойған Академиялық адалдықты бұзу актісі жасалады (3-қосымша).

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі Академиялық адалдық кодексі	А-АМУ-01-24 .№4 шығарылым 24 беттің 15-беті

66. Тиісті заттай дәлелдемелермен академиялық адалдықты бұзу туралы Акт және білім алушылардың жұмыстарының көшірмелері деканға/комплаенс-офицерге бұзушылықты арнайы журналға тіркеу үшін (4, 5-қосымша) және осы істі Тәртіптік кеңес төрағасының атына деканның/комплаенс-офицердің қызметтік жазбасымен Тәртіптік кеңестің қарауына шығару үшін беріледі. Тәртіптік жаза туралы актінің және шешімнің көшірмесі білім алушының жеке ісіне тігіледі және транскриптке енгізіледі.
67. **Егер білім алушы академиялық адалдықты бұзғаны үшін Университеттен шығарылса, «Астана медицина университеті» КеАҚ-қа қайта қабылдануға құқығы жоқ.**
68. Университеттің оқытушы-профессорлар құрамы мен кафедра қызметкерлерінің академиялық адалдық қағидаларын бұзуы Тәртіптік комиссияда қаралады.
69. ОПҚ және Университет қызметкерлері тарапынан бұзушылықтар тіркелген жағдайда, бұзушылықты анықтаған адам қызметтік жазба (6-қосымша) жазады және оны қызметтік тексеру жүргізу үшін Тәртіптік комиссияның төрағасына/комплаенс-офицерге жібереді. Қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері Тәртіптік комиссияның төрағасына жіберіледі. Осы Кодекстің ережелерін бұзғаны үшін білім беру процесіне қатысушыларға (ОПҚ, Университет қызметкерлері) Тәртіптік комиссия туралы ережеге сәйкес тәртіптік жазалар қолданылуы мүмкін.
70. Университеттің оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлері келесі жағдайларда жауапкершілікке тартылады:
- 1) білім алушылардың бағалау нәтижелеріне әсер ететін оқу үдерісі туралы ақпаратты тарату;
 - 2) оқу үдерісін қамтамасыз етуге бағытталған қызметтік міндеттерді орындамау;
 - 3) білім алушылардың аралық және қорытынды бақылауды тапсыруы кезінде, оның ішінде прокторинг рәсімі бойынша оң бағалар үшін ақшалай және материалдық қаражатты бопсалаудың жасырын немесе жабық түрлері;
 - 4) білім алушылардың бағалау жұмысын орындау кезінде алдау, мәліметтерді бұрмалау, білім алушылардың білімін, магистрлік, докторлық диссертацияларды, ғылыми жобаларды бағалауға арналған материалдарды сату.
71. Білім алушылардың жауапкершілігін қарау бойынша Тәртіптік комиссия мен Тәртіптік кеңестің жұмысын ұйымдастыру Университеттің тиісті ережелерімен реттеледі.

9 ҚАЙТА ҚАРАУ, ӨЗГЕРТУЛЕР ЕНГІЗУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

72. Осы Кодексті қайта қарау (жаңарту), өзгертулер енгізу, сақтау және тарату Қоғамның «Құжат айналымы» стандартының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.
73. Осы Кодекстің түпнұсқасы Сапаны қамтамасыз ету орталығында тіркеледі және сақталады.
74. Осы Саясаттың сканерленген нұсқасы Қоғамның серверлік компьютерінде ортақ папкада, сондай-ақ Компанияның веб-сайтында «Білім алушыға» және «Қызметкерге» бөлімдерінде орналастырылған.
75. Осы Кодекстің есепке алынған баспа көшірмелері қажет болған жағдайда:
- 1) барлық проректорларға;
 - 2) Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелеріне жіберіледі.
76. Осы Академиялық адалдық кодексі 2024 жылғы 1 қыркүйектен бастап туындайтын құқықтық қатынастарға қолданылады.

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	А-АМУ-01-24
	Академиялық адалдық кодексі	.№4 шығарылым 24 беттің 16-беті

1-қосымша

«Академиялық адалдық кодексімен танысу парағы » нысаны

Академиялық адалдық кодексімен танысу парағы

Мен, *(аты-жөні)* (_____), _____ Мектебінің №_____ топ білім алушысы келесілерді растаймын:


Маған электронды түрде берілген және Университеттің ресми веб-порталында орналастырылған «Астана медицина университеті» КеАҚ академиялық адалдық кодексімен таныстым.

Мен осы кодекстің ережелерін түсінемін және қабылдаймын.

Мен академиялық адалдық кодексінде жазылған нормалар мен ережелерді менің оқуым мен академиялық емес қызметім барысында сақтауға міндеттенемін.

Күні:

Қолы:

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	А-АМУ-01-24 .№4 шығарылым
	<i>Академиялық адалдық кодексі</i>	24 беттің 17-беті

2-қосымша

«Құпия ақпаратты жария етпеуге ақпараттандырылған келісім » нысаны

Құпия ақпаратты жария етпеуге ақпараттандырылған келісім

1. Құпия ақпараттың анықтамасы:

Осы келісім бойынша құпия ақпарат аралық бақылауға, аралық және қорытынды аттестацияға қатысты барлық материалдарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді, соның ішінде:

- Емтихан билеттері
- Тест тапсырмалары
- бақылау және курстық жұмыстар
- Аралық және қорытынды бағалар
- Тапсырмалардың кілттері

2. Міндеттемелер:

Мен, _____, _____ [кафедраның/құрылымдық бөлімшенің атауы] _____ лауазымын атқаратын,

- Университет басшылығының жазбаша келісімінсіз құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға бермеуге немесе таратпауға;
- Құпия ақпаратты тек жұмыс міндеттерін орындау үшін пайдалануға;
- Құпия ақпаратты рұқсатсыз кіруден, өзгертуден, ашудан немесе жоюдан қорғау үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға **міндеттенемін**.

3. Келісімнің мерзімі:

Бұл келісім менің «Астана медицина университеті» КеАҚ-тағы жұмысымның барлық кезеңіне және еңбек шарты тоқтатылғаннан кейін 1 жылға жарамды.

4. Бұзушылық үшін жауапкершілік:

Осы Келісімнің талаптары бұзылған жағдайда мен Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Астана медицина университеті» КеАҚ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жауапты боламын.

5. Қорытынды ережелер:

Осы Келісім бір данада жасалады және қызметкердің жеке ісімен бірге сақтауға беріледі.

Т.А.Ә. _____

Қолы _____

Күні: _____




3-қосымша

«Академиялық адалдық туралы акт» нысаны

Академиялық адалдықты бұзу туралы акт
(20__/20__ оқу жылғы _____ емтихан сессиясы)


Пән/модуль:	
Білім беру қызметінің түрі: емтихан	
Университеттің кезекші оқытушысының/қызметкерінің аты-жөні:	Білім алушының аты-жөні :
	Білім беру бағдарламасы:
	Курс:
	Топ номері:
Күні: Аудитория номері: Уақыты: Бұзушылықтың сипаттамасы:	
Емтиханға қатысуға уәкілетті Университет оқытушыларының / қызметкерлерінің қолы:	
_____ (Т.А.Ә.)	_____ (қолы)
_____ (Т.А.Ә.)	_____ (қолы)
_____ (Т.А.Ә.)	_____ (қолы)
Білім алушының қолы:	
Актімен танысқандар:	
« _____ » кафедрасының меңгерушісі	
_____ (толық аты-жөні)	_____ (қолы) « ____ » _____ 202__ ж.
« _____ » мектебінің деканы /деканның орынбасары	
_____ (толық аты-жөні)	_____ (қолы)
	« ____ » _____ 202__ ж.

	<p align="center">«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі Академиялық адалдық кодексі</p>	<p>A-AMU-01-24 .№4 шығарылым 24 беттің 19-беті</p>

4-қосымша
«Бұзушылықтарды тіркеу журналы» нысаны

«Астана медицина университеті» КеАҚ
білім алушыларының академиялық адалдықты бұзушылықтарын
тіркеу журналы


Бұзушылық жасалған күн	Білім алушының аты-жөні	Топ	Мектеп	Бұзушылық түрі	Қабылданған шаралар

	<p align="center">«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі Академиялық адалдық кодексі</p>	<p>A-AMU-01-24 .№4 шығарылым 24 беттің 20-беті</p>

5-қосымша
«Бұзушылықтарды тіркеу журналы» нысаны

«Астана медицина университеті» КеАҚ
қызметкерлерінің академиялық адалдықты бұзушылықтарын
тіркеу журналы

Бұзушылық жасалған күн	Оқытушының толық аты-жөні	Кафедра атауы	Бұзушылық түрі	Қабылданған шаралар

	«Астана медицина университеті» КеАҚ <i>Менеджменттің интеграцияланған жүйесі</i>	А-АМУ-01-24 .№4 шығарылым
	<i>Академиялық адалдық кодексі</i>	24 беттің 21-беті

6-қосымша

«Академиялық адалдықты бұзу туралы қызметтік жазба» нысаны

«Астана медицина университеті» КеАҚ
оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлерінің
академиялық адалдықты бұзуы туралы қызметтік жазба үлгісі

Кімнен:

Кімге:

Тақырыбы: ОПҚ және/немесе Университет қызметкерлерінің академиялық адалдықты бұзуы

Қызметтік жазба

Оқытушы немесе қызметкер (аты-жөні) тарапынан академиялық адалдықтың анықталған бұзушылықтары туралы хабарлаймын. Университетте академиялық адалдық қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету үшін осы жағдайларды қарастыруыңызды сұраймын.

Оқытушы тарапынан болған бұзушылық:

Кафедра:

Бұзушылықтың жасалған күні мен уақыты:

Бұзушылық түрі:

ӘБП қызметкерінің тарапынан болған бұзушылық:

Құрылымдық бөлімше:

Бұзушылықтың жасалған күні мен уақыты:

Бұзушылық түрі:



Лист согласования

№ п/п	Должность	Ф.И.О.	Дата согласования	Подпись
1	Проректор	Жунусова А.Б.		
2	Проректор	Койков В.В.		
3	Проректор	Газалиева М.А.		
4	Проректор	Сайдангазин Д.Д.		
5	Финансовый директор	Мараджапов Б.И.	16.08.24,	
6	И.о. управляющего директора	Тиес А.С.		
7	Исполнительный директор	Маханбаева Н.Н.		
8	Руководитель управления правового обеспечения	Мухамбетова А.К.		
9	Руководитель центра планирования и развития академической деятельности	Досанова А.К.		
10	Руководитель центра по социальной и воспитательной работе	Шаймерденова З.Н.		
11	И.о. руководителя группы аудита качества образовательного процесса	Нажимов Ш.М.		
12	Руководитель центра обеспечение качества	Асылаева К.К.		
13	Руководитель центра стратегического развития	Уримов Р.М.		
14	Декан школы педиатрии	Карибжанов А.А.		
15	Декан школы стоматологии	Деточкина В.Р.		
16	Декан школы фармации	Омари А.		
17	Декан школы сестринского дела	Байгожина З.А.		
18	Декан школы медицина	Сариева А.А.		
19	Декан школы общественного здоровья и менеджмента	Баймагамбетова А.А.		

